

Педагогикалық кеңестің
№ 1 хаттамасы.

27.08.2021 ж

қатысқандар – 14

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау
2. 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, перспективалық жоспарларын, күн тәртібін бекіту.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»
4. Аттестация комиссиясын құру
5. «Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау әдісін қолданудың тиімділігі» баяндама
6. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту. Тәрбиешілер портфолиосы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Аблаева педагогикалық кеңесті ашып, 2021-2022 жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Педагогтерді кеңесте қаралатын мәселелерімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша сөз меңгеруші Г.Аблаеваға берілді. Ол өз сөзінде педагогикалық кеңес хатшысын сайлау мәселесіне тоқталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылы 16 мамырдағы 272 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (бұйрығына сәйкес) ережелірімен таныстырды.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі білім беру ұйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кіреді. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір оқу жылы мерзіміне төрағаны, хатшыны сайлайды. Педагогикалық кеңес төрайымы балабақша меңгерушісі Аблаева Гульнара Алимовна, хатшысы балабақша әдіскері Алпысова Бибайша Аташбековна бір ауыздан сайланды, қалыс қалғандар жоқ.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша меңгеруші Г.Аблаева сөз алып, 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, перспективалық жоспарларын, күн тәртібін бекіту мәселесіне тоқталды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021жылғы 25 тамыздағы № 36 «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» қаулысымен таныстырды. Онда 2021-2022 оқу жылында барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында штаттық форматта оқуға рұқсат етілсін. 2021-2022 оқу жылында штаттық форматта барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында мынадай:

- осы қаулыға 1, 2 және 3-қосымшалардың талаптарында көзделген санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтау;
- педагогтар мен персоналдың 100% вакцинациялануы (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды, COVID-19 ауырып сауыққан адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда);
- ұйымға кіру кезінде «Ashyq» қосымшасын енгізу (педагогтарды, персоналды, ата-аналарды (заңды өкілдерді), 18 және одан жоғары жастағы білім алатын келушілерді QR-код (check-in) бойынша тіркеу);
- маска режимін сақтау;
- рециркуляторлардың, санитайзерлердің, тері антисептиктерінің, дезинфекциялау және жуу құралдарының жеткілікті санымен қамтамасыз ету;
- үй-жайларды жинау және дезинфекциялау жиілігін арттыру;
- үй-жайларды ылғалды жинау және дезинфекциялау, үй-жайлардың ауасын желдету және зарарсыздандыру режиміне қойылатын талаптарды сақтау;
- педагогтардың, персоналдың және білім алушылардың күнделікті «кіру» сүзгісі (байланыссыз термометрмен термометрия);
- бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салу (мәдени, тәрбие, сыныптан тыс және ата-аналар жиналыстары және т. б.);
- мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында топтар мен сыныптарды біріктіре отырып іс-шаралар өткізуге тыйым салу.

Кезекші топтың жұмыс істеуіне байланысты әр топта 15 баладан, ал қалған тәрбиеленушілермен қашықтықтан жұмыс жасау керектігі айтылды. Жұмыс барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына 1-қосымшаны басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізу керектігі айтылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің № 557 бұйрығын басшылыққа ала отырып топтардың оқу кестелері бекітілді.

Балаларды балабақшаға қабылдап, топтраға бөлу, күн тәртібін бекіту Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Балаларды балабақшаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» № 254 және 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрықтарына сәйкес қабылданды.

Биылғы жаңа оқу жылында балалардың жас ерекшеліктеріне қарай 6 топта 140 бала тәрбиеленеді, олар:

аралас «Балапан» тобында 15 бала, тәрбиешілері Алибаева А, Маханова Г, Кіші «Арай» тобында 25 бала, тәрбиешілері Саркулова Б, Өтенбекова А, ортаңғы «Гүлдер» 25 бала, тәрбиешілері Манапова А, Оралова Г, ортаңғы «Құлыншақ» 27 бала, тәрбиешілері Алпысова Б, Салимжанова Ұ, ересек «Күншуақ» 28 бала, тәрбиешілері Әмір Н, Тилеубердиева А, мектепке даярлық «Балбөбек-Төрайым» тобы 20 бала, тәрбиешісі Мамасерикова Ү болып бекітілді.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Аблаева сөз алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» бұйрығымен таныстырды.

Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

Модельдің міндеттері – инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары айқындалған.

Әдістемелік нұсқау хатта 2021-2022 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;
 - балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
 - баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
 - ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;
 - мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
 - әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.
- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:
- ойын арқылы оқыту;
 - білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);
- 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- 3) мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;
- 4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

Өтпелі тақырыптар:

1. Балабақша
2. Менің отбасым
3. Дені саудың жаны сау
4. Алақай, қыс келді
5. Қысқы табиғат әлемі
6. Бізді қоршаған әлем
7. Табиғаттың гүлденуі
8. Көктемгі ағаштар
9. Әрқашан күн сөнбесін.

Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде тәрбиешілер және басқа да педагогтер (қазақ тілі мен орыс тілі мұғалімі, музыкалық жетекші, дене шынықтыру бойынша нұсқаушы және т.б.) құрастырады. Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың бірізділігі мен саны Педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі. Перспективалық жоспарда ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары айқындалады. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындауды қарастырады. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады. Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу қызметін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмма – балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістері мен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт береді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптарын Перспективалық жоспарға сәйкес анықтау;
- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтау;
- Бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық дамытушы ортаны қалыптастыру.

Педагогтің міндеті – ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың қызығушылықтарын ескеру, әр баламен сөйлесу. Баланы өзінің

әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау қажет. Балаларды оқытуда оларды шаршатпай, баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, бала үшін қызықты ойын түрінде өткізу ұсынылады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің басынан бастап соңына дейін алдын-ала жоспарланған ойын түрімен өткізуге немесе ойынды өткен материалды бекітуге қолдануға да болады. Ол үшін тәрбиеші ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбына сәйкес ойынды алдын-ала таңдауға немесе өз бетінше құруға, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, оны түрлендіруіне болады. Сондай-ақ, ҰОҚ-ін үнемі тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, ойын алаңында, сонымен бірге балалар үшін жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімінде диагностика мәліметтерінің қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагог мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Г.Аблаева сөз алып, аттестация комиссиясын құру, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы бұйрығымен таныстырды. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру тәртібі: Біліктілік санаттарын "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу

қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 наурызда жарияланған) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен (бұдан әрі - № 83 бұйрық) бекітілген комиссия (бұдан әрі - Комиссия) береді.

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес құрылады:

"педагог-модератор" біліктілік санаты үшін - білім беру ұйымының деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: білім беру ұйымының жоғары білікті педагогтері, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты үшін - қала (аудан), облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, білім беру ұйымдарының, қаланың (ауданның) жоғары білікті педагогтері, біліктілікті арттыру ұйымдарының, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты үшін - облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру ұйымдарының, республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдардың жоғары білікті педагогтері, тиісті саланың уәкілетті органының, біліктілікті арттыру ұйымдарының, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-шебер" біліктілік санаты үшін - облыстың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, облыстың білім беру ұйымдарының жоғары білікті педагогтері, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органы, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы

басшысының бұйрығымен бекітілетін біліктілікті арттыру ұйымдарының, қамқоршылық кеңестердің, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері.

Сараптамалық кеңестің құрамына сараптамалық кеңестің төрағасы мен мүшелері кіреді. Сараптамалық кеңес мүшелерінің тақ санынан, бірақ кемінде бес адамнан тұрады. Сараптамалық кеңестің құрамы бекітілген бұйрықпен таныстырылды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша «Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау әдісін қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы баяндаманы оқу үшін әдіскер Б.Алпысоваға сөз кезегі берілді. Бүгінде тәлім-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Өйткені, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Бұл міндеттерді шешу үшін мектепке дейінгі ұйымдағы әр педагогтің күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Келер ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі аса маңызды.

Балабақша педагогтерінің үлкендер мен балалардың бірлескен шығармашылық жұмыстарын көрсету құралдарының бірі – тәрбие білім үрдісіне жобалау әдісін енгізу болып табылады. Жобалау дегеніміз – біріктірілген іс-әрекет. Белгілі іс-әрекетке қатысушыларға ұйымдастырушылар тарапынан қажетті жаңа ұғымдар, қоршаған орта туралы нақты түсінік беріледі. Педагогтарға заманауи талаптарға сай белсенді, жаңашылдыққа әуес балаларды тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Жобалау әдісі арқылы балабақшадағы тәлім-тәрбие үрдісін бала өміріндегі шынайы оқиғалармен байланыстыру, қызықтыру, белгілі бір іс-әрекетке жұмылдыру жұмыстары арқылы баланың танымдық, қызығушылық қабілеттерін жетілдіруге болады. Бұл жұмыстар педагогтерді, балаларды, ата-аналарды ұжымда жұмыс жасауға, белгілі тақырыптар бойынша бірлескен жұмыс жоспарын құруға мүмкіндік береді. Бірлескен жұмыстарда бала өзінің қажеттілігін сезінеді. Яғни, қзіне деген сенімділігі артады. «Жоба» - дегеніміз латын сөзінен шамамен аударғанда «алға жүруші», «көзге түсуші» деген мағнаны білдіреді.

Жобалау әдісі дегеніміз-инновациялық педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың

өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығының нәтижесіне қзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы. Бұл әдіс-қандай да бір мәселенің шешімін көрсететін жоба жасау үрдісі. Ол оқу үрдісі жағдайында орындалатын және оның тиімді жұмыс істеуі мен дамуына бағытталған іс-әрекеті болып саналады. Білім үрдісіне жобалау әдісін қолданған кезде бппплрдың логикалық ойлау, зерттеу қабілеттері дмиды, белсенділігі артады. Бұл әдістің басты идеясы:балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиешісі мен ата-анасының көмегі арқылы білімдерін, сыни ойлау дағдыларын жетілдіру.

Балабақшада қолданатын жобалардың негізгі түрлері: зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік-ойын және ақпараттық жобалар.

Зерттеушілік жоба бойынша балалар жас ерекшеліктеріне сәйкес үлкендермен бірге тәжірибелер өткізіп, нәтижелері бойынша көрмелер, альбомдар, кітапшалар жасау жұмыстарына белсене араласады.

Шығармашылық жоба – өнерге, табиғатқа, қоршаған ортаға байланысты ұйымдастыратын жұмыстар.мысалы: «Күзгі, қысқы қызықтар» көрмесі. Балалр күз, қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныса отырып, алған әсерлерін сурет, жапсыру, мүсіндеу, коллаж, түрлі қосымша материалдарды қолдану арқылы көрсете алады.

Рөлдік-ойын жобасында балалар шығармашылық ойындарда мазмұны таныс ертегінің кейіпкері арқылы қойылған мақсат міндеттерді өз еркімен, ақылмен шешуге мүмкіндік алады.

Ақпараттық жоба – балалар өздерінің қызығушылықтарына қарай қажетті ақпараттарды жинақтап түрлі тақырыптар бойынша бұрыштарды, өз топтарын безендірді. Жобада балалардың танымдық, ізденімпаздық, бір ұжымда жұмыс жасау қабілеттері дамиды.

Жобалау әдісі жұмысы 3 бөлімнен тұрады.

- 1) 3,5-5 жас аралығындағы балалардың көргенін қайталата отырып, орындау іс-әрекеттері негізінде танымдық қабілеттерін дамытады. Олар жобада «екінші рөлде» яғни, үлкендердің басшылығымен немесе оларға ұқсаушылық іс-әрекеттері арқылы үлкендерге деген жағымды қасиеттерін қалыптастырады. Бұл кішкентай баланың табиғатын бұзбайды, одан әрі дамытуға көмектеседі.
- 2) Дамытушы бөлім 5-6 жастағы балаларға арналған. Бұл жастағы балалр түрлі бағытта үлкендермен бірлескен жұмыста келісушілік іс-әрекетке, бір-біріне көмектесуге дайын екендігін көрсете алады. Үлкендерден көп көмек сұрамай, құрдастарымен бірлескен белсенді іс-әрекеттерді ұйымдастырп, іс-әрекеттерін бағалай алады.
- 3) Шығармашылық 6-7 жастағы балалрға тән деп айтуға боолады. Себебі, үлкендер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар

белсенділіктерін арттыра отырып, жобаның мақсаттарын өз еркімен таңдауға, блолашақ іс-әрекеттерінің мақсаттарын түсінуге, жобаны ұйымдастыру әдістерін таңдауға және оларды орындап, тиісті нәтижеге жетуге баулиды.

Жобалау әдісі бойынша жүргізілетін жұмыстардың бөлімдері:

1 – ші бөлім: «Тақырыпты таңдау». Тәрбиешінің міндеті – жобалау жұмысын ұйымдастырудың жоспарын жасақтау. Тақырыбын таңдамас бұрын тәрбиеші «Не білемін?», «Нені білгім келеді?», «Қалай білуге болады?» деген үш сұраққа жауап беру керек. Осы сұрақтарға жауап бергенде ғана топ балаларының жас ерекшеліктерін ескеріп, қажетті ақпараттарды жинап, тәлім-тәрбие үрдісін жобаға сай жасақтап жұмысты бастау керек.

2 – ші бөлім: «Жобаны іске асыру». Жобалар шығармашылық, тәжірибелік, жұмыстар арқылы жүргізіледі. Жобалдау әдісімен жұмыс жасаудың ерекшелігі – бала жан-жақты дамиды. Сонымен қатар психикалық функциялары жақсы жетіледі, жеке тұлға ретінде қалыптасады.

3 – ші бөлім: «Презентация». Жобаны таныстырмас бұрын балаларға қажетті материалдық құндылықтарды ескерген дұрыс. Жобамен жұмыс жасау кезінде балалар өздеріне қажетті ақпаратты ала отырып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Жобаны таныстырған кезде тәрбиеші баланың өзін еркін сезінуіне, жұмысы туралы мәліметті нақты айтуына жағдайлар жасауы керек.

4 –ші бөлім: «Рефлексия». Жобаны іске асыру кезінде тәрбиеші мен баланың байланысы баланың белсенділігіне қарай өзгеруі мүмкін. Тәрбиешінің қимыл іс-әрекеті балалардың жобамен жұмыс жасау кезіндегі белсенділіктерін, өз бетімен әрекет ету қабілеттерін зерделей отырып қажетті бағыттағы жұмыстарды түсіндіру болып саналады. Жоба кезіндегі бөлімдердің нәтижесін түсіндіру технологиясы күнделікті сабақтарда талқылануы қажет. Жобалар ұзақ «1,2,3 жылдық, бірнеше айлық, бір айлық, бірнеше апталық, бір апталық, бір күндік болуы мүмкін.

Тәрбиеші жобаның негізгі ұйымдастырушысы, кеңесшісі, сарапшысы, ақпарат орталығы болып саналады.

Тыңдалды: Соңғы мәселе бойынша меңгеруші Г.Аблаева сөз алып, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту мәселесіне тоқтады. Педагогтар өздерінің шығармашылық жұмыстарын жұмыс барысында кездескен қиыншылықтардан қалай шығу жолын іздене отырып жұмыс жүргізеді. Онда өздерінің ізденімпаздығын, шығармашылығын көрсете отырып жұмыс жүргізеді. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын 1 жылдан 3 жылға дейін жүргізе алады. Жұмыс барысында кездескен қиыншылықтар мен кемшіліктерді жою мақсатында тәрбиешілер Оралова Г, Манапова А, Маханова Г шығармашылық жұмыстарын жаңа оқу жылында

жалғастыруға ұсыныс жасаған болатын. Ал, қалған тәрбиешілерге шығармашылық жұмыс тақырыптары берілді және оқу жылы барысында өз іс-тәжірибелерін шығару тапсырылды.

Педагогикалық кеңес

Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылы 16 мамырдағы 272 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес педагогикалық кеңес хатшы етіп балабақша әдіскері Б.А.Алпысова сайланды.

Мерзімі: 1 жыл.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 557 бұйрығын басшылыққа ала отырып бекітілген топтардың оқу кестелері, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес топтараға бөлу, күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізу.

Мерзімі: оқу жылы бойы

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» толық танысып, жұмыс жүргізу.

Мерзімі: Осы оқу жылы

4. Аттестация комиссиясы мен сараптама топтың құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы бұйрығын басшылыққа алып жұмыс жүргізісін.

Мерзімі: оқу жылы барысында

5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау әдісін қолдануды жоспарға ендіріп, жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: Оқу жылы барысында

6. Тәрбиешілерге бекітілген шығармашылық тақырыптарыбойынша жұмыс жүргіу.

Мерзімі: 1 жыл

Төрайымы
Хатшысы



Г.Аблаева
Б.Алпысова

**Педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

29.10.2021 жыл

қатысқандар – 14

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Бала тұлғасын дамыту және тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық технологиясы» баяндама
3. «Сиқырлы қалам» интербелсенді-инновациялық кешенін пайдаланудың пайдасы. Пікір алмасу
4. «Балабақшадағы серуендеулерді ұйымдастыру» тақырыпты тексерудің қорытындысы
5. Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау
6. «Мектепке дейінгі ұйымда STEAM технологиясын қолдану арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту» шебер сынып.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Аблаева сөз алып, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуының қорытындысына тоқталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 557 бұйрығын басшылыққа ала отырып бекітілген топтардың оқу кестелері, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 59 "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына бекіту туралы бұйрығына сәйкес топтараға бөліп, күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізілуде. Педагогтерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен толық таныстырылды. Аттестация комиссиясы мен сараптама топтың құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы бұйрығын басшылыққа алып жұмыс жүргізуде. Тестке баратын педагогтердің құжаттары қаралуда. Мектепке дейінгі ұйымдарда «Табиғат және біз» тақырыбында жобалау әдісін қолдануды жоспарға ендіріп, жұмыс жүргізілуде. Тәрбиешілер өздеріне берілген шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізуде.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Б.Саркулова сөз алып «Бала тұлғасын дамыту және тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық технологиясы» тақырыбында баяндама оқыды.

Психологиялық-педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір тәрбиешінің міндеті. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары енгізілуде. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы, проблемалық, модульдік, тірек сигналдары арқылы, ығдарламалап, деңгейлеп, дамыта, өздігінен, түсіндіре басқарып оза оқыту, сые тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы т.б. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын психологиялық-педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқтайық.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Оның ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Ойын- әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзінің қоршаған ортаны танып білуге құштарлығы арттырады.

Дамыта оқыту технологиясы – баланы оқыта отырып, бала бойна еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттерді дамыту.

Өздігінен даму технологиясы – итальян психологиясы М.Монтессоридің түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейінгі барлық өмірі-оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.

Бала сезімін дамыту орталығы – баланың сезім тәрбиесі, баланың қабылдауын дамыту және қоршаған әлемдегі заттардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру: пішіні, көлемі, түсі, салмағы, кеңістіктегі орны, иісі, шығаратын дыбысы, т.б. болып табылады.

Іс-әрекет жасау орталығы – бұл орталықта балалардың өздерін күтуге арналған заттары орналасады. М.Монтессори баланы өз бетімен жұмыстануға үйрету, интеллектуальдық қабілеттерін дамыту, өз-өзін тәрбиелеу және жоғары баға беру күшті түрткі болады деп тұжырымдайды.

Тіл дамыту және жазу орталығы – материалдар баланың тілін дұрыс дамытуға көмектеседі, сөздік қорын байытады, қолын жазуға дайындайды, фонематикалық есту қабілетін дамытады, оқуға және жазуға үйретеді.

Математика орталығы – балалар 10-ға дейінгі сандармен, жиынтықтармен, арифметикалық операциялармен танысады.

Ғарыш орталығы – балаларды қоршаған ортамен таныстырады. Ботаника, зоология, анатомия, география, физика, астрономия негіздерін меңгеруге көмектеседі.

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы – білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балаларды әртүрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуға бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы – оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын алу және түзеті жұмыстарының жүйесін құру.

Аталған технологияларды балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып пайдалануға болады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Г.Аблаева сөз алып, «Сиқырлы қалам» интербелсенді-инновациялық кешенін пайдаланудың пайдасы тақырыбында пікір алмасу мәселесіне тоқталды. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған интербелсенді кешен тілдік бағдарламаларды зерделеу саласындағы соңғы әзірлемелердің бірі болып табылады.

Мақсаты: ҚР халқының арасында қазақ тілін білу деңгейін арттыру. Осы кешенді пайдалана отырып, ҚР халқының әр түрлі жас, әлеуметтік, қызмет түрлерінің санаттары бойынша тіл зерделеуге арналған құралдарға деген сұранысын барынша қанағаттандыру.

Міндеттері: Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу. Сөздікті байыту және белсендіру. Әлеуметтік және қатынас-байланыстық функцияларды кеңейту және нығайту. Оқыту үдерісін көтермелеу, қолдану беделін арттыру.

Сөйлегендер: Тәрбиеші А.Алибаева

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін:

- Балаларда ауызекі сөйлесу мен дыбыстау шеберліктері мен дағдыларын дамыту;
- Көру, есту және моторлық көрнектіліктерді кеңінен пайдалану;
- Мемлекеттік тілге оқытуды балалар ауыз әдебиеті, дәстүрлер мен салттар, мерекелерден бастап тіл тасымалдауыштардың мәдениетіне ену үдерісі ретінде құру;
- Заманауи технологиялар пайдалану;
- Өз білімі мен шеберліктерін жетілдіру қажеттіліктерін қалыптастыру қажет.

Тәрбиеші Г.Оралова

Интербелсенді кешеннің жаңалығы оның оқыту мен қабылдаудың барлық техникаларын үйлестіруінде, олар білім беруде бірінші рет пайдаланылады:

- Айтылуы, дұрыс айту;
- Оқу;
- Баспалдақ және анимациялық материалды көрсету;
- Сөздермен жұмыс;
- Жұмыстың әртүрлі: музыкалық, анимациялық, сөздік әдістемелері назарды ұзақ уақыт бойы шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиеші Ү.Мамасерикова

Бұл кешенге кез келген телевизорға немесе компьютерге қосылатын қосалқы құрылғы кіреді, және баланың алдында кейіпкерлерді қазақша сөйлеуге үйрететін сиқырлы анимациялық әлем ашылады. «Сиқырлы қаламды» телеэкранда көрсетілетін материалға тигізген кезде суреттің түрлі-түсті бейнесі пайда болады. Бағдарлама қазақ тілі лексикасын кеңейтуге арналған 35 негізгі және 25 қосымша тақырыптардан және ағылшын тіліндегі 10 тақырыптан құрылады. Қаламда стереодинамиктер, дыбыстық және бейнелік режимдер орнатылған. Бала экрандағы түрлі-түсті бейнені көреді, диктордың сөзді дұрыс айтуын естиді және ойындық формада құрдастарымен бірге көңілді музыкамен тілді үйрене бастайды. Бала дыбыстық және мәнерлік сөзбен толықтай танысып, қарапайым сөйлемдер мен жекелеген сөз тіркестерін құрастыра алады. Балалардың сөздік қоры 180-200 сөзді құрайтын болады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Г.Аблаева сөз алып ересек «Күншуақ» тобында өткізілген «Балабақшадағы серуендеулерді ұйымдастыру» тақырыпты тексерудің қорытындысына тоқталды.

Серуендеу – күн режимінің міндетті элементі. Іс-тәжірибеде: балалардың іс жүзінде аз серуендейтінін көрсетеді, серуендеулердің ұзақтығы әртүрлі себептермен қысқартылады, ал оның сауықтырушылық және дамытушылық әлеуеті толық мөлшерінде пайдаланыла бермейді. Балабақшадағы серуендеулердің сипатты кемшіліктері олардың стихиялы ұйымдастырылуы мен бірсарындылығы болып табылады. Олар балалардың дене және психикалық дамуының жасына байланысты заңдылықтары, денсаулығының жай-күйі мен дамуындағы жас және жеке ерекшеліктері есепке алынбастан жүргізіледі. Көбінде мақсатты бақытталған және жүйелі әсер ету балаларды қарап тұрумен алмастырылады. Балалардың таза ауада болуының денелік даму үшін маңызы зор және ақыл-ой тәрбиесіне жағдай жасайды. Байқағыштық дамиды, қоршаған дүние туралы ұғым кеңейеді. Осылайша, дұрыс ұйымдастырылған және ойластырылған серуендеулер балаларды жан-жақты дамыту міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі. Балабақшада

серуендеу күніне 2 рет (күнің I және II жартысында) өткізіледі, ал жазда балалардың барлық уақыты ұйқы мен тамақ ішуді қоспағанда, ашық ауада өткізіледі. Серуендеулерге бөлінген уақыт қатаң сақталады, ал олардың мазмұны жыл мезгіліне, ауа температурасына, балалардың жасына байланысты болады.

Серуендеулердің түр өзгерістері:

- Үлгілік-балалардың барынша еркін қызметі (барынша көп атрибуттар),
- Аралас-мақсатты және еркін қызмет,
- Серуендеу-экскурсия-жорық,
- Спорттық эстафеталар.

Серуендеудің құрылымы:

- Бақылау
- Балалардың еңбек қызметі
- Қозғалушылық ойындар;
- Балалармен жеке жұмыс;
- Балалардың дербес қызметі.

Сөйлегендер: Әдіскер Б.Алпысова

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Ал табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі.

Серуен – әр күн тәртібіндегі орны ерекше шара. Табиғат бала санасында терең із қалдыра отырып, оның сезімінің көп түрлі, ашық болуын қамтамасыз етеді. Бала табиғат дыбыстарын тыңдай отырып, өзін жаңалық ашқыш жан ретінде тануына көмегін тигізеді. Ол шегірткенің, торғайдың шырылын естіп, қардың ұсақ ұлпалардан, таңғажайып суреттен тұратындығын өзі ғана бірінші сезгендей, ал бұлбұл құс тек өзіне ән салып тұрғандай қабылдайды. Табиғатпен таныса жүріп, бала байқампаз, сақ, аңғарымпаз болуға үйренеді. Сәбимен жануарлар мен өсімдіктер туралы, машиналар мен адамдар туралы, ауа–райы құбылыстары туралы сөйлесе жүру керек. Серуен күн тәртібінің бір бөлігі болып табылады. Ол негізгі бес бөлімнен тұрады: Бес бөлім бірін–бірі толықтырады. Серуен арқылы балаға айнала қоршаған орта туралы толық мағлұмат беруге болады. Бала ауа райын, табиғатты, күнді, желді, топырақты, ағаштар мен жануарларды, құстарды бақылай отырып білімін жетілдіреді, өзі үшін жаңалық ашады. Серуен дайындықсыз

өткізілмеуі тиіс. Олар танымдық мақсатқа құрылып, қызықты өткізілуі керек. Тәрбиеші жоспарлау барысында ақпараттық материалды кеңінен қолданғаны жөн. Олар төмендегі мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс:

Серуенді ұйымдастыруда төмендегі жағдайларға көңіл аудару керек.

Серуенді өткізу деңгейін көтеруде: Табиғатпен байланыс, ойластырылған байқауларды, серуендерді, әңгімелерді ұйымдастыру – экологиялық тәрбиені дұрыс жолға қою мен қажетті нәтижені алудың кілті. Сондықтан тәрбиешілердің балалармен жүргізетін негізгі жұмыстары табиғат аясында өтеді; бақшалар ауласында, қысқы бақтарға, саябақтарға саяхаттар жасайды. Күнделікті өмірдегі тәжірибеде балалармен мына жұмыстың түрлерін кеңінен қолданамыз: күнтізбе бойынша табиғатты байқау, тірі табиғат бұрышына кезекшілікті ұйымдастыру, театрланған көріністі көрсету, тақырыптар бойынша альбомдар құрастыру. Біздің жұмысымызда балалардың шығармашылығына көп көңіл бөлінеді. Балалар бойында өсімдіктердің, жануарлардың көп түрлілігі туралы, сонымен қатар табиғат маусымдары, өзгерістерді рет–ретімен ауысып келіп отыратынын айтып, ұғындырылады. Жыл мезгілдерінің бір–бірінен айырмашылығы барын көріп білуге үйрету. Жан–жануарлар туралы көз– қарастарын қалыптастыру: танып білуге үйрету, дене мүшелерін, түр–түсін, қозғалысын, дыбыстауын, немен қоректенетінін, келтіретін пайдасын айтып түсіндіру Еңбек дағдысын қалыптастыру, еңбектің мәнін түсіндіру, еңбектің нәтижесі туралы талдаулар жасау, өз беттерінше бөлме ішін тазалау және табиғат бұрышының жәндіктерін күтуге үйрету . Табиғат және жан– жануарлар туралы әңгімелер оқу. Баланың тілін ұстартып, ақыл– ойын, адамгершілігін қалыптастыруға мүмкіншілік туады. Сонымен бірге тіл дамыту, еңбек, бейнелеу өнері пәндер аясында да тақырыптарға сай ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балаларға экологиялық тәрбие беруге болады. Қорыта келгенде, мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы зор. Өйткені, табиғаттың таңғажайып құбылыстарымен таныстыру, олардың мән–мағынасын ұғындыру арқылы жас жеткіншектерді жан–жақты тәрбиелеу– нақтырақ айтқанда баланың қабылдауын, зейінін, ойын, тілін дамытудың басты құралы.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Г.Аблаева сөз алып, өткізілген оқу қызметтеріне талдау жасауға тоқталды. Өткізілген оқу қызметтері арқылы балалардың білім біліктері дамиды, балабақшаға деген қызығушылығы артады.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Б.Саркулова

Ересек «Күншуақ» тобында балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында қоршаған ортамен танысу оқу қызметінен «Сиқырлы қағаздар» тақырыбындағы оқу қызметін Б.Алпысова ұйымдастырып өтті. Оқу қызметі

жақсы жоспарланған. Балаларға қағазды қалай шығаратынын таныстыра отырып, топпен жұмыс барысында қағаз қиындыларынан оригамми жасатты. Оқу қызметінде 4 К моделін, ТРИЗ технологияларын қолданды. Балалар қызыға қатысты.

Тәрбиеші Г.Оралова

Тәрбиеші Ұ.Салимжанова сөйлеуді дамыту оқу қызметінен «Ойыншықтардың айтысы» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті. Тақырыбы балалардың жас ерекшелігіне және өтпелі тақырыпқа сәйкес алынған. Ойыншықтарды көрнекілікке алған, ойыншықтардың айтысын аудиожазбалары арқылы тыңдатты, балалар қызыға қатысты. Тәрбиеші АКТ қолданған. Балаларға көбірек еркіндік беру керек еді.

Тәрбиеші А.Алибаева

Ересек «Күншуақ» тобында көркем әдебиет оқу қызметінен «Үй жануарлары» тақырыбындағы ашық оқу қызметін тәрбиеші Н.Әмір ұйымдастырып өткізді. Оқу қызметінде дидактикалық материалдар топтасмасы қолданылды. Мнемотехника әдісін пайдалана отырып, жұмбақтар шешкізді. Балаларға үй жануарлардың төлдерін атауға, қалай дыбыстайтынын және бабаларын қалай атау жөнінде түсінік берді. Ойын түрінде ұйымдастыруға болар еді.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша әдіскер Б.Алпысова сөз алып «Мектепке дейінгі ұйымда STEAM технологиясын қолдану арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту» шебер сыныбын өткізді. Мақсаты: Балаларды «Таным», «Шығармашылық» білім салаларының бөлімдеріне қызығушылығын арттыру.

Педагогикалық кеңес

Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 59 "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарын сақтай отырып жұмыс жүргізу.
2. Инновациялық технологияларды қолдануда балалардың жас ерекшеліктері сақталынсын.
3. Оқу қызметінде «Сиқырлы қалам» интербелсенді-инновациялық кешенін пайдалану.
4. Серуеннің бөлімдері толық ұйымдастырылып жұмыс жүргізілсін.
5. Жұмыс барысында STEAM технологиясын қолданылсын.

Төрайымы
Хатшысы



Г.Аблаева
Б.Алпысова

**Педагогикалық кеңестің
№ 3 хаттамасы**

14.01.2022 жыл

қатысқандар – 14

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Баланың танымдық қабілетін дамытудағы ойынның маңызы» салыстыру тексерудің қорытындысы
3. «Балабақша мен бастауыш мектептің жобалық қызмет арқылы сабақтастығы» баяндама
4. «Қатынас» білім саласында мнемотехника әдісін пайдалану. Пікір алмасу
5. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерін талдау.
6. «Мнемотехника елінде» шеберлік сыныбы

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Гульнара Алимовна сөз алып, өткен кеңестің шешімдерінің қорытындысына тоқталды. Балабақша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 59 "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарын сақтай отырып жұмыс жүргізуде. Тәрбиешілер жұмыс барысында инновациялық технологияларды қолдануда балалардың жас ерекшеліктері сақтауда. Мектеп алды даярық «Балбөбек-Төрайым» тобының тәрбиешілері оқу қызметінде «Сиқырлы қалам» интербелсенді-инновациялық кешенін пайдалану арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуде. Топтардың апталық циклограммасын ұйымдастыруда күннің I және II жартысындағы серуеннің бөлімдері сақталып жұмыс жүргізуде. МАД «Балбөбек-Төрайым» тобының оқу қызметі барысында STEAM технологиясы қолданылуда.

Педагогтер үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және күнделікті жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай – ақ педагогтер ретінде көруі тиіс. Педагогтің үнемі дамуы, балаларды тыңдай білуі, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагог ұйымдастырылған оқу қызметі мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік беру ұсынылады.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып «Баланың танымдық қабілетін дамытудағы ойынның маңызы» салыстыру тексерудің қорытындысына тоқталды.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Сөйлегендер: Әдіскер Б.Алтысова

Салыстыру тексеру 24-26 қаңтар күні ортаңғы «Гүлдер», «Құлыншақ» топтарында жүргізілді. Тексеру күні «Гүлдер» тобында 18 бала, тәрбиешісі Манапова А, «Құлыншақ» тобында 21 бала, тәрбиешісі Салимжанова Ұ. Топтар іші таза, жылы, жарық. Жиһаздар балалар санына сай, жеткілікті. «Гүлдер» тобында ата-аналар бұрышы, ойын бұрышы, шығармашылық бұрышы, «Құлыншақ» тобында ата-аналар бұрышы, ойын бұрышы, шығармашылық бұрышы, кітап бұрышы жасақталған. Ойын бұрыштарын бес білім саласы бойынша бөліп, дидактикалық, қимылды, сюжетті-рөлді ойындар атрибуттары мен картотекаларын жинақтаған.

Баланың алғашқы әрекеті ойын болғандықтан оның маңызы ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбек қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын ұшқыр, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Сонымен қатар ойын тыныс кең, алысқа меңзейтін, ойдан-оңға жетелейтін ғажайып нәрсе. Бала ойында қоғамдық тәжірибені меңгереді, психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ұжымдық ойындарда бала достықтың мәні неде екенін түсіне бастайды, өзінің басындағы мінез-құлықтың; тартыншақтық, менмендік, өкпелегіштік т.б. арылғысы келеді. осындай ойындарда баланың қабілеті жақсы жетіле бастайды.

Дидактикалық ойындардың мақсаты – баланы оқыту, олардың ойлау қабілетін, жаттықтыру және дамыту, игі қасиеттерді тәрбиелеу. Ал мазмұны қандай да болмасын ақыл-ой міндеттерін жүзеге асыруға негізделеді.

Сюжетті-рөлдік ойындар мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Олар балалардың ой-өрісін, танымын кеңейтіп, олардың іс-тәжірибелерін толықтыра түседі.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары

айқындалған. Әдістемелік нұсқау хатта 2021-2022 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді. Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;

- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

ортаңғы топта: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша «Балабақша мен бастауыш мектептің жобалық қызмет арқылы сабақтастығы» тақырыбындағы баяндаманы тәрбиеші Ү.Мамасерикова оқыды.

Бала оны қарастыра және сезіне отырып, қоршаған дүниені көреді. Бәрінде қолына алып, байқап көргісі келеді. бұл – барлық сенсорлы-моторлық үдерістердің қарқынды даму кезеңі. Көрнекіліктік- бейнеліктен көрнекіліктік әрекетке, сөйлеу-қисындық, түсінікті ойлауға қарай өту болып өтеді. Мектеп жасына дейінгі үлкен балалардың танымдық белсенділігін ынталандыру мақсатында жобалық қызмет жүргізіледі. Жобалар әдісін алғаш бастаушы америкалық педагог В.Кильпатрик болып есептеледі.

Жобалу әдісінің негізгі мақсаты: баланың еркін шығармашылық жеке тұлғасын дамыту, ол балалардың міндеттері және зерттеушілік қызметімен анықталады. Жобалық қызмет 3 кезеңнен тұрады: дайындық, жобаның тұсаукесері, жобалық қызметті бағалау және талдау. Балалардың бастамасын жобаларды орындау тәртібімен үйлестіретін осындай жобалық қызмет тәрбиеленушілер үшін өздерін әр түрлі әлеуметтік рөлдерде байқап көруінің тамаша мүмкіндігі болып табылады. Балабақша мен бастауыш мектеп балаларының ішкі танымдық қажеттіліктеріне негізделген танымдық іздеушілік белсенділік бұрын алған білімді шығармашылықпен сапалы қайта құруға және жаңа білімді тиімді меңгеруге септігін тигізеді, ол жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту үдерісінде орнықты іргетас болып табылады.

Жұмыстың бұл формасының іс-тәжірибелік құндылығы оның мектеп жасына дейінгі балаларды мектептегі оқуға уәждеудің қалыптасуындағы қарышты қадам болып табылатындығында.

Тыңдалды: Меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып, «Қатынас» білім саласында мнемотехника әдісін пайдалану тақырыбында пікір алмасу мәселесіне тоқталды.

Мнемотехника – тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Ү.Мамасерикова

Мнемокесте мынадай бағыттар үшін қолданылады:

1. Сөздік қорларын байыту
2. Сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға үйрету
3. Сөйлем, әңгіме құрастыру
4. Әңгімені құрастыру
5. Жұмбақтарды жасыру және жауабын табу
6. Тақпақтарды жаттау

Құрылған кесте балаларға өз бетінше заттың ерекшеліктерінің байқауға, олардың айтылу кезегін белгілеуге көмектеседі. Балалардың сөздік қорын байытады. Ең бастысы – көрнекілік, тірек-сызба, бейнеленген суретіміз балаға түсінікті болуы қажет.

Тәрбиеші Б.Саркулова

Мнемокесте бойынша жұмыс жүргізу кезеңдері 3 кезеңнен тұрады:

1. Кестені құрастыру және бейнеленген суреттерді талқылау
2. Жалпы символдардан бейнелерді жаңғырту, мысалы, үй-шатыр, қоян-ұзын құлақтар, т.б.
3. Қайта кодтаудан кейін құрастырған символдар бейнелер бойынша әңгімені, ертегіні, тақпақтарды мазмұндап беру.

Мнемокестелерді баланың деңгейіне байланысты беруге болады. Мнемокестеде символдарды бейнеге аударамыз. Сонда балаға қонымды болады.

Тәрбиеші А.Алибаева

Жоғарыда айтып кеткен топтық, жұптық, ұжымдық оқытылуларды мнемокестелерді тақырыпқа байланысты өткізуге болады. Мысалы: жұптық оқытуда, балаларға жеке символдармен бейнеленген кестелерді беріп, балалар сол кестені пайдалана отырып диалог түрінде сөйлесе алады. Ал негізі монологтарды ең алғашқысында ұжымдық оқытуда пайдаланып, содан соң жеке-дара сол тақырыпта әңгіме жүргізе алады. Осы ең тиімді деп ойлаймын.

Тәрбиеші А.Тилеубердиева

Балалардың ойын дамытуда тағы бір әдістің түрі бұл – үстел үстіндегі мнемокестені ұйымдастыру. Адам мәдениеті ойын арқылы дамиды, демек балалық шақтан бастап, қартайған кезге дейін адамды ойын жетелеп отырады. үстел үсті мнемокесте басқа кестелерден ерекшелігі бала бұл кестені қолмен ұстап, көзбен көреді, жан-жақты таниды. Балаға өзі білген сөздерден және де өткен сабақтардан меңгерген сөздермен кесте бойынша сөз тіркестерін, сөйлемді құрастыруға қызықты. Олар мұны шын көңілдерімен орындайды.

Әдіскер Б.Алтысова

Мнемокестелер жинағына әдістемелік нұсқау:

Мектепке дейінгі жастағы балаларға түрлі-түсті мнемокесте беру керек, өйткені балалардың есінде тек бөлшек бейнелер ғана есте қалады: шырша-жасыл, жидек-қызыл. Кейіннен суретті кішкене қиындатып немесе басқа суретпен ауыстырылады.

Бастысы – бала өзі әңгіме құрамайды, алдындағы әңгімені қайталайды. Жалығып отырған балаларға жиі көңіл бөлу керек. Мнемокестені құрған кезде суреттер түрлі түсті болуы тиіс, өйткені түстерді балалар тез қабылдап есте сақтауға мүмкіндік береді. Алдын-ала балалармен жұмыс жүргізу барысында кестені қарастыру және бейнеленген суреттерді талқылау қажет. Осылайша балаларға мнемокестелердің көмегімен тақпақтарды, жұмбақтарды жаттап, ертегілерді әңгімелеп беруге біршама жеңіл және қолайлы болып келеді. мнемокестені пайдалану арқылы баланың жеке қабылеті, білім деңгейі, өздігінен жұмыс істеуге дағдысы анықталады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау мәселесіне тоқталды.

Сөйлегендер: Тәрбиеші А.Тилеубердиева

Мектеп алды даярық «Балбөбек-Төрайым» тобында тәрбиеші Ү.Мамасерикова математика негіздерінен «Математика еліне саяхат» тақырыбында ашық оқу қызметін ұйымдастырып өтті. Оқу қызметі жақсы жоспарланған, балалар қызыға қатысты. Тәрбиеші оқу қызметінде STEAM технологиясын, кубизм әдісін, ТРИЗ технологиясын пайдалана отырып ұйымдастырды. Балалар сөйлеуде «үлкен-кіші», «аз-көп» сөздерін қолдана білді. Беттестіру және тұтастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып заттарды салыстырды, заттар тобының 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін заттарды бөле білді. Оқу қызметінде АКТ пайдаланғанда жақсы болар еді.

Тәрбиеші Ұ.Салимжанова

Кіші «Арай» тобында Көркем әдебиет оқу қызметінен «Көкөністер дауы» тақырыбындағы ашық оқу қызметін тәрбиеші А.Өтенбекова ұйымдастырып өтті. Оқу қызметінің жоспары жақсы, қызықты жоспарланған. Балаларға көкөністер туралы түсінік берді, ертегі кейіпкерлерін түсіндірді. Ертегі желісі бойынша ойындар ұйымдастырды. Ертегі барысында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуге үйрету керек. Көрнекіліктерді алдын ала дайындауға болар еді.

Тәрбиеші А.Алибаева

Ортаңғы «Гүлдер» тобында Қоршаған ортамен таныстыру оқу қызметінен «Жабайы аңдар» тақырыбындағы ашық оқу қызметін тәрбиеші А.Манапова ұйымдастырып өтті. оқу қызметін ТРИЗ технологиясы бойынша жоспарлаған.

Тосын сәтте орман жануарлары қонаққа келіп балаларға түрлі тапсырмалар берді. Балалар тапсырмаларға қызыға қатысты. Тәрбиеші оқу қызметінде көрнекіліктерді тарқатты, дамыту орталықтарында жұмыс жүргізуді дұрыс жоспарлау керек.

Тыңдалы: Соңғы мәселе бойынша әдіскер Б.Алпысова сөз алып мнемотехника тәсілдерін қолдану арқылы балалардың тілдерін дамыту, сызбалар арқылы шығарманы мазмұндауға, өлеңді жаттауға, әңгімелеуге тиімді етіп қолдану, балалардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында «Мнемотехника елінде» шеберлік сыныбын ұйымдастырды.

Педагогикалық кеңес

Қаулы етеді:

1. Мектеп алды даярық «Балбөбек-Төрайым» тобының тәрбиешілері оқу қызметінде «Сықырлы қалам» интербелсенді-инновациялық кешенін пайдалану арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету жолға қойылсын.
2. Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау.
3. Балабақша мен бастауыш мектеп балаларының ішкі танымдық қажеттіліктеріне негізделген танымдық іздеушілік жобасы жоспарлансын.
4. Сөздік қорларын дамыту мақсатында мнемотехника әдісін оқу барысында пайдалансын.
5. Тәрбиешілер оқу қызметі барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалансын.
6. Мнemoкестені құрған кезде балалар түстерді тез қабылдап есте сақтау үшін суреттер түрлі түсті болуын жабдықтау.

Төрайымы
Хатшысы



Г.Аблаева
Б.Алпысова

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

30.03.2022 жыл

қатысқандар – 14

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Баланың сенсорлық қабілетін дамыту жолдары» баяндама
3. Балабақша топтарында психологиялық жайлы орта қалыптастыру.
Пікір алмасу
4. «Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруға бақылау жасау» тақырыпты
тексерудің қорытындысы.
5. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерін талдау

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып, өткен кеңестің шешімдерінің қорытындысына тоқталды. Мектеп алды даярық «Балбөбек-Төрайым» тобының тәрбиешілері «Қатынас» білім беру саласында «Сиқырлы қалам» интербелсенді-инновациялық кешенін пайдалану арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету жолға қойылған. Балабақшада үштік әдісі «Тәрбиеші, бала, ата-ана» бойынша танымдық қажеттіліктеріне негізделген танымдық іздеушілік жобасы жоспарланып, тәрбиеші Мамасерикова тәрбиеленуші Мирзамуратова Аминамен зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Тәрбиешілер оқу қызметі барысында мнемотехника әдісін пайдалануда.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Алибаева «Баланың сенсорлық қабілетін дамыту жолдары» тақырыбында баяндама оқыды. Мектепке дейінгі бала тәрбиесіндегі оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыруға болады. Дидактикалық ойындар кішкене балаларға мейлінші тән оқыту формасы болып табылады. Оның түп негізі өлең мен қимылды ұштастыру арқылы сәбиді тәрбиеге баулитын халық педагогикасында жатыр. Тәрбиеші өз жұмысының барысында үштік әдісін пайдалана отырып «Баланың сенсорлық қабілетінің даму жолдары» тақырыбында ата-аналармен жұмыс түрлеріне тоқталды. Ата-аналардың менің балам, неге жылайды?, күні бойы не үйретесіздер? және т.б сұрақтарына жауап беру үшін баланың сенсорлық қабілетін дамытуға арналған ойындар топамасын дайындауға ата-аналармен бірігіп көрнекіліктер әзірлеу мақсатында қысқа мерзімді жоба құрып, оны тиімді пайдалану жолдарымен бөлісті. Жоба 3 кезеңнен тұрады. 1 кезең: Ақпараттық – талдау. Ерте жастағы балалардың сенсорикалық қабілеттерін дамытуға арналған дидактикалық ойындарды балалардың жеке

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ойын жаттығуларды іріктеу, сенсорлық даму білім деңгейіне байланысты ата-аналардан сауалнама алу.

2 кезең: Шығармашылық кезең. Балаланың даму қабілетіне байланысты ойындар дайындау. Жобаны іске асыру барысында алдымен топта қолайлы дамыту ортаны жасақтау, жұмыс барысында В.Воскокобович технологиясын және М.Монтессори технологиясыны элементтерін пайдалануды жоспарладым. Бұл жұмысқа әр түрлі пішіндерді (домалақ, үшбұрыш, шаршы) пайдалана отырып, үйде балаларымен құрастыруға ата-аналарға тапсырма бердім. Мысалы: түске байланысты «Қуыршақтың моншақтары», «Әдемі қоршау», «Гүлді отырғыз», «Алма ағашы», формаға байланысты «Жұлдызқұрт», «Әдемі шырша», «Поезд», «Балапанды серуенге шығарамыз». Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру үшін, материалдарды пайдалана отырып саусақ жаттығуларымен байланыстырдым.

3 кезең: Қорытынды. Балалардың сенсорлық дамуының деңгейін анықтау мақсатында «Сенсорика әлеміне саяхат» ойынын ойнаттым.

Жобаның нәтижесі:

1. Жоба барысында ойындарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін жағдайлар жасалды.
2. Балалардың сенсорлық қабілеті дамиды
3. Ата-аналар әдістемелік ұсыныстар мен күнделікті қолданатын материалдардан дидактикалық ойындарды ұйымдастыру бойынша кеңес алды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алмовна сөз алып, балабақша топтарында психологиялық жайлы орта қалыптастыру тақырыбында пікір алмасу мәселесіне тоқталды. Психологиялық қолайсыздықтың салдары фобияның пайда болуы, қорқыныш, үрей, асқынған түрдегі агрессия, тұйықтық т.б. факторлар екендігін ескере отырып, біз балабақшада баланың жеке басының дамуы мен психологиялық денсаулығын нығайтуды сақтау үшін жайлы психологиялық орта қалыптастыруымыз қажет. Адамдар арасындағы берік қалыптасқан байланыс бір-бірімен қарым-қатынас барысында кез-келген проблеманы талқылай алатын өзара сенімділік атмосферасын туғызады.

Балабақшадағы атмосфера тәрбиешілер мен балалар арасындағы және балалардың өзара қарым-қатынасымен анықталады. Топтағы педагогтер әр баланың эмоционалдық саулығы үшін заттық-дамытушы орта, тәрбиешінің баламен қарым-қатынас стилі, тәрбиешілердің өзара қарым-қатынас стилі, баланың бір-бірімен қатынасын бақылау сынды қолайлы жағдай қалыптастыру қажет. Топтағы баланың көңіл-күйі бұл топтағы қалыптасқан өзара қарым-қатынасқа қанағаттануы, біріккен іс-әрекетке қатысу дәрежесі,

қорғалуы, ішкі тыныштығы, «біз» деген сезімді сезінуі. Осының барлығын эмоционалдық тұрақтылық баланың жеке тұлға ретінде дұрыс қалыптасуын қамтамасыз ете отырып балада жағымды мінез-құлықтың, өзгелерге ізгілік қарым-қатынастың орнауына ықпал етеді. Топтағы жағымды психологиялық климатқа ықпал ететеін шешуші факторлардың бірі педагогикалық қарым-қатынас стилі екендігін де естен шығармағанымыз жөн.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Ү.Мамасерикова

Педагогикалық қарым-қатынас стильдері авторитарлық, либералдық, демократиялық болып бөлінеді.

Авторитарлық стиль: педагог-басшы, ұйымдастырушы; балалар-орындаушылар (бастамашылсыз өз бетінше ештеңе істей алмайтындар); педагогтің негізгі ұстанымы (принципі): «Сен, бірақ тексер» (баладан мүлтіксіз бағынуды, таңдауды талап етеді; балалар арасындағы қарым-қатынасты қаперге алмайды; өз қателіктерін мойындамайды; балалардың мүмкіндіктерін өз дәрежесінде бағаламайды; баланың қателігін, мінез-құлқындағы кемшілігін көптің көзінше бетіне басып отырады.

Либеральдық стиль: педагог өз бетінше бастама көтермейді, жауапкершілігі төмен; баланың мүмкіндіктерін асыра бағалайды; өз талаптарының орындалуын тексермейді; өз бетінше шешім қабылдай алмайды; баланың жетегінде кетіп қалады; топтағы өзара қарым-қатынасты ескереді; көңіл-күйдің адамы.

Демократиялық стиль: педагог баланың жас ерекшелігін ескереді, өзі мен баланың арасындағы іс-әрекетті үйлестіреді; баланың жеке қарым-қатынасын зерттеп, анықтап ескеріп отырады; қаншалықты талап қойса, соншалықты құрметті де талап етеді; баладан кері байланысты қажет етеді; өз қателіктерін мойындайды; баламен оң нәтижесін беретін жеке әңгімелесуді жөн көреді. Міне, осыдан кейін біз балаға жағымды ықпал етуші стиль-демократиялық стиль екенін мойындаймыз. Топтағы психологиялық климат пен эмоционалдық көңіл-күйді зерттеуге арналған әдістер: «Мен балабақшадағы өз тобымдамын» тақырыбына сурет салу; «Үйшіктер» - түсті әдістеме; эмоционалдық қарым-қатынасты анықтауға арналған тест; «Менің тобымдағы атмосфера»; социметрия.

Тәрбиеші Б.Саркулова

Сурет салу: «Мен балабақшадағы өз тобымдамын»

Балалардың суреттерін шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. Бала тек қана ғимаратты (бала бақшаны) салады;
2. Бала ғимаратты ойын алаңдарының элементтерімен салады; (үйшік сұлбасы, ойын алаңдарының сұлбасы)
3. Бала суретке өзін бөлме ішінде не көшеде бейнелейді.

Педагог-психолог Г.Артықбай

Түстер әдістемесі: «Үйшіктер»

Әдістеменің мақсаты: баланың балабақшаға қарым-қатынасын айқындайтын эмоционалдық көңіл-күйін анықтау. Әдістемеде көк, қоңыр, жасыл, қызыл, сары, күлгін, қара түстер қолданылады.

1. Негативті (жағымсыз) көзқарас – балабақшаға теріс ұғымдағы балаларды болады (олар қара, қоңыр үйшіктерді таңдайды)
2. Нейтралды (аралық) – бәрібір, берілген тапсырмаға бір түрлі үреймен қарайды (көк, жасыл, күлгін үйшіктер)
3. Жағымды көзқарас – тапсырманы орындау кезінде позитивті эмоция пайда болады (қызыл, жасыл үйшіктер)

Түстерге сипаттама: қызыл – тынышсыздану, шаттану; қызғылт сары – қуанышты, жайлы; сары – жылы; күлгін, қоңыр түстер – үрей, беймазалық; жасыл – тыныш; көк – мұңды, көңілі толмау; қара – қайғы, мұң.

Ұсыныстар: Әр баланың сол қалпында қабылдау қажет.

Іс-әрекет барысында бала өздігінен көмектесетін болсын. (Бөлме тазалау, ойыншықтарды жинап, реттеу т.б). Бала ойындарының бастамашысы әрі белсенді қатысушысы бола біл. Балаға қиын сәттерде олармен бірге бол. Ата-ананы білім беру процесіне тарта біл, әр кезде олардың көмегіне сүйен.

Есіңізде болсын: Балаға оның өздігінен жауапты тұлға болып қалыптасуына көмектес. Баладан әлеуметтік нормалар мен ережелерді оның жағдайы мен қызығушылығын ескере отырып талап ет. Өз ережелерің мен талаптарыңды күштеп орныдатудан аулақ бол. Тиым мен талапты шектен тыс көбейтпе. (Бұл енжарлыққа алып келеді). Тентек балаларға қалай көмектессең, ұяң, тұйық балалар да дәл сондай көмекке мұқтажекенін ұмытпа. Әр топта психологиялық жайлы орта ұйымдастырылуы қажет. Психологиялық жеңілдеу аймағы (құрғақ су бұрқақ). Агрессиялық балаға өз ашуын шығара білуді үйрету (жаттығулар, сабақтар).

Баланы түрлі жағдайларда өзін ұстай білуге үйрету, өзін-өзі реттеу жаттығулары.

Баланы эмоциялық-дамытушы ойындар арқылы бір-бірімен жағымды (шиеленіссіз) қарым-қатынасқа үйрету. Өз-өзіне сенімсіз, алаңдаушы баланы өзін-қзі бағалай білуге үйрету. Баланы бірігіп жұмыс жасауға, топтық іс-әрекеттерге келісе білуге үйрету.

Психологиялық дауыс (сөз) мәнері:

Мақсаты: Топта жағымды эмоциялық, ізгіниеттілік жағдай қалыптастыру.

Негізгі бағыты – көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. (таңертең, таңғы жаттығудан соң балалармен қол ұстаса шеңбер құрып түрлі тілектер, комплименттер айту)

Осылардың негізінде топта психологиялық жайлы орта қалыптасқанда ғана біздің сәбилер таңертең балабақшаға әрдайым асығатын болады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып, тақырыпты тексерудің қорытындысына тоқталды.

Балалардың дамуы үшін қажетті жағдайлар жасауда отбасылық тәрбиеге педагогтердің көмегін, білім беру процесінде екі тараптың өзара әрекеттестігін, балалардың тәрбиесі мен дамуын қарастырады. Басқаша айтқанда, ата-аналарды МДБҰ-ның бірінғай білім беру кеңістігіне тарту процесі, бұл стихиялық, басқарылмайтын түрде бола алмайды. Бұл жұмысқа тиімді бақылау жүргізу функциясының бірі – бақылау жүргізу болып саналады.

Тексеру 28-29 наурыз күндері мектеп алды даярлық «Балбөбек-Төрайым» тобында «Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруға бақылау жасау» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Топтың іші таза, жарық, жылы. Балаларға арналған жиһаздар талапқа сай жабдықталған. Топта балалардың оқу-тәрбие жұмыс жүргізуіне дамыту орталықтары толық жасақталған. Топ тәрбиешісі Ү.Мамасерикова. Ата-аналармен жұмыс – мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметіндегі күрделі де маңызды бөлігі, ол педагогикалық біліктер мен білімдер деңгейін арттыруды, сондай-ақ балалардың дамуы үшін қажетті жағдайлар жасауда отбасылық тәрбиеге педагогтердің көмегін, білім беру процесінде екі тараптың өзара әрекеттестігін, балалардың тәрбиесі мен дамуын қарастырады. басқаша айтқанда, бұл ата-аналарды МДБҰ-ның бірінғай білім беру кеңістігіне тарту процесі, бұл стихиялық, басқарылмайтын түрде бола алмайды. Бұл жұмысқа тиімді бақылау жүргізу функциясының бірі-бақылау жүргізу болып саналады.

Осы тақырыптың қажеттігі мен маңыздылығын көрсететін бірнеше жағдайларды анықтаймыз:

1. Бақылау МДҰ-да барлығы да нормативтік құжаттарға, педагогикалық кеңестерге, басшы өкімдеріне сай орындалып жатырма, соны анықтауға мүмкіндік береді. ауытқушылықтар мен олардың себептерін, кемшіліктерді жою әдістері мен жолдарын анықтауға көмектеседі.
2. Бақылаудан бас тарту немесе оны жүзеге асырудың жүйесіздігінен басшы ата-аналармен жұмыс барысында жедел араласып, басшылық жасау мүмкіндігіне айырылады.
3. Бақылау жүйесінің жоқтығы педагогтер мен ата-аналар қарым-қатынасында стихиялық, жанжалды оқиғалар тудыруы, ата-аналардың балабақша қызметіне қанағаттанбаушылығын, педагогтердің өзін-өзі бағалауы төмендеуін туғызуы мүмкін.
4. бақылау жас кадрлерді тәрбиелеудегі маңызды фактор болып, тәрбиешінің өз міндеттерін орындаудағы жеке жауапкершілігін күшейтуге көмектеседі.

Осы үшін әкімшіліктің құрама қызметін анықтаймыз:

- Біріңғай білім беру кеңістігін жасау бойынша педагогтер мен отбасының әрекеттестігіне бақылау жасау жүйесін, диагностикалық материалдар (сауалнама, сұрақнама, бақылау парақтары және т.б) жасау;
- Ата-аналармен ынтымақтастық мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби біліктілігі диагностикасын жүзеге асыру;
- Ата-аналармен әрекеттестік процесіндегі тәрбиешінің қызметін бақылау;
- кері байланысты жүзеге асыру;
- Бақылау нәтижелерін тіркеу;
- Ата-аналармен жұмыс нәтижесіне, тәрбиешінің жоспарлары мен құжаттамаларына талдау жасау;
- Бақылау нәтижелерін педагогтермен талқыға салу, бұл нәтижелерді педагогикалық кеңестің шешімін даярлағанда, ұжым жұмысын жоспарлағанда пайдалану;
- Анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды жасау, тәрбиешілерге ата-аналармен қарым-қатынас формаларын, әдістері мен тәсілдерін таңдап алуға ұсыныстар;
- Педагогтердің ата-аналармен оң тәжірибесін қорыту бойынша ұсыныстарды дайындау.

Ата-аналармен жұмыс түрінің мазмұнын зерттеу олардың көпшілігі жеткілікті жіктелмегендіктен, ескіргені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Олар қазіргі отбасында болып жатқан төмендегідей өзгерістерді ескермейді:

- ата-аналар білімінің өскендігі;
- жас отбасыларының материалдық жағдайы көтерілгендігі;
- қазіргі ата-аналардың мобильділігі;
- отбасындағы бала санының азаюы;
- ақпараттың қолжетімдігі.

Сөйлегендер: әдіскер Б.Алпысова

Көпшілік тәрбиешілер өз жұмысында негізінен ұжымдық қарым-қатынас формаларын пайдаланады (жылжымалы папкалар, ширмалар, буклеттер, белгілі бір проблемаға арналған ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу, кеңес беру).

«Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудегі мектеп пен отбасы – балаларды әлеуметтендірудегі екі маңызды институт. Педагог пен отбасы арасындағы стратегияның орталығы баланың жеке басы, оның мүддесі, дамуы, жеке басының әлеуеті ашылуы болып табылады.

Ынтымақтастың негізгі бағыттары:

- серіктестік пен ынтымақтастық негізінде балаға отбасында және МДҰ-да біріңғай талаптар қойылатын біріңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету;

- отбасында және МДҰ-да балаға психофизикалық денсаулықты қамтамасыз ету;
- баланың жеке басын дамыту үшін білім беру тракториясын құруда баланың бейімділігі мен отбасының талаптарын ескеру;
- баланың мектепке даярлығын қамтамасыз ету;
- отбасы жағдайында жеке басты қалыптастыру, дамыту және тәрбиелеу бойынша тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету;
- балалармен бірге шығармашылық әрекеттүрлеріне қатысу;
- МДҰ-мен тығыз байланыста ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру және ата-аналарды үйрету үшін ұсынылатын бағдарламаларды меңгеру»

Басқаша айтқанда, жоғарыда аталған бағыттар ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың ақырғы мақсаты болып саналады. Сондықтан да МДҰ мен отбасының қарым-қатынасына бақылау жасауды төмендегідей түрдегі қарама-қайшылықтарды жеңуге бағытталған жөн.

МДҰ педагогтері мен ата-аналарының ұжымдық қарым-қатынасының негізгі түрі – ата-аналар жиналысы. Оны ескі құрылым бойынша өткізу ата-аналар үмітін ақтамайды, оның үстіне тәрбиешілердің барлығы бірдей ата-аналар жиналысының «дәстүрлі емес» формасы деген терминді дұрыс түсіне бермейді. Дұрыс жоспарланған өткізуді бақылау және бақылау әдістерін таңдап алу, біздің ойымызша, ата-аналармен жұмысқа әрбір отбасының тәрбиелік әлеуеті мен спецификасын ескеретін интерактивті бағыт береді.

Тыңдалды: меңгеруші Г.Алимовна өткізілген ашық оқу қызметтеріне талдау жасау мәселесіне тоқталды.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Ұ.Салимжанова

Ортаңғы «Гүлдер» тобының тәрбиешісі Г.Оралова құрастыру оқу қызметінен «Әдемі шырша» тақырыбындағы оқу қызметін өтті. Оқу жоспарын балалардың жас ерекшелігін ескере отырып жоспарлаған. Тосын сыйға Қаршақыздың келуі, берілген тапсырмалары балаларға қызықты болды. Өртүрлі түстегі пішін бөлшектерін пайдалана отырып құрастыру дағдылары дамыған. Бала үні естілмеді.

Тәрбиеші Ү.Мамасерикова

Кіші «Арай» тобының тәрбиешісі Б.Саркулова сөйлеуді дамыту оқу қызметінен «Біз күштіміз, ептіміз» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді. Оқу қызметін дене шынықтырумен байланыстырған. Әр тапсырманы балалар қимылды ойындарды ойнау барысында орындады. Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау дағдылары қалыптасқан. Берілген қарапайым сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, жауап береді. дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға тілдік жаттығулар жасатуға үйрету керек.

Әдіскер Б.Алпысова

Аралас «Балапан» тобының тәрбиешісі А.Алибаева сенсорика оқу қызметінен «Кірпіге көмектесейік» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті. Оқу қызметінде тәрбиеші балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту үшін заттармен нәзік қимылдар жасауды, дидактикалық ойындарда балалардың сенсомоторлық «көз-қол» үйлесімдігі дамыған. Заттарды қолдану, олармен әрекет ету, пішінін, түсін ажырата алу дағдылары қалыптасқан. Логикалық ұғымдарын дамыту үшін пішіні, т.сі, көлемі бойынша бір-біріне ұқсас заттарды сәйкестендіру мен топтастыруды қалыптастыру қажет.

Педагогикалық кеңес

Қаулы етеді:

1. «Сиқырлы қалам» интербелсенді-инновациялық кешенін пайдалану арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету жалғастырылсын.
2. Балабақшада үштік әдісі «Тәрбиеші, бала, ата-ана» бойынша танымдық қажеттіліктеріне негізделген танымдық іздеушілік жобасы жоспарланып, жұмыс жүргізілсін.
3. Сенсорлық дидактикалық көрнекіліктер жинақталсын.
4. Балабақша топтарында психологиялық жайлы орта қалыптастыру.
5. Ата-аналармен жұмыс әртүрлі форматта ұйымдастырылып, жүргізілсін.

Төрайымы
Хатшысы



Г.Аблаева
Б.Алпысова

**Педагогикалық кеңестің
№ 5 хаттамасы**

27.05.2022 жыл

қатысқандар – 14

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балаларды психологиялық-педагогикалық бейімдеу» баяндама
3. 2021-2022 оқу жылындағы шығармашылық топтың есеп беруі
4. 2021-2022 оқу жылында тәрбиеленушілердің білімді меңгеру бойынша мониторинг. қорытынды тексеру
5. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту
6. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерін талдау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып, өткен кеңестің шешімдерінің қорытындысына тоқталды. МАД, ересек топтарда сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оқу қызметтерінде «Сиқырлы қалам» интербелсенді-инновациялық кешенін пайдалану арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету жалғастырылып жұмыс жүргізілуде. Балабақшада үштік әдісі «Тәрбиеші, бала, ата-ана» бойынша танымдық қажеттіліктеріне негізделген танымдық іздеушілік жобасы жоспарланып, жұмыс жүргізілу барысында тәрбиеленуші Мамасерикова Амина олыстан «Мен зерттеушімің» байқауынан ІІІ орынмен марапатталды. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында түрлі сенсорикалық заманауи көрнекіліктер өтпелі тақырыптарға байланысты дайындалуда. Балабақша топтарында психологиялық жайлы орта қалыптастыру жалғастырылсын. Ата-аналармен жүргізілетін түрлі жұмыстар (ата-аналар кеңесі, ата-аналар жиналысы, сауалнама) уақтылы жүргізілуді жалғастыру туралы айтылды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша педагог-психологі Г.Артықбай сөз алып, «Балаларды психологиялық-педагогикалық бейімдеу» тақырыбында баяндама оқыды. Кішкентай баланың әлеуметтенуі неден басталады? Ең алдымен отбасынан. Ал, шындығына келгенде ол сәбидің балабақшаға келгеннен басталады. сол жерде ол бейтаныс адамдармен – ересектермен және балалармен қарым-қатынас жасауды үйрене бастайды, мінез-құлық нормалары мен тәртіп ережелерін меңгереді, қоғамда өмір сүруді үйренеді. Кішкентай баланың жаңа жағдайға дағдылануы кімге байланысты болады, қалай өтеді, оның дене және психикалық дамуы соған байланысты өтеді. Ата-аналар, баланы мектепке дейінгі білім беру ұйымына берер кезде оның болашағына алаңдаушылық білдіреді, бұл негізді де. Көпшілік балалар

бейімделу кезінде жылауық болып, тұйықталып алады, аграссивті, мазасыз болып кетеді. Бұл олардың негізгі талаптарының бірі-қауіпсіздігі мен қорғалғандығы қанағат тапқандықтан. Бала бейтаныс жағдайда бірінші рет жақын адамдарынсыз қалып отыр. Отбасында барлық назар соған аударылады, ал балабақшада ол өзі сияқты көптің бірі. Бұл балада қалыптасқан стереотипті бұзады, психологиялық қайта құрылуды, мінез-құлқындағы өзгерісті, жаңа біліктерді қалыптастыруды талап етеді. Ал бала жаны жараланғыш, оның организмі түбегейлі пісіп-жетілмеген, оған бейімделу қиын, ересектердің: ата-аналары мен тәрбиешілердің көмегі қажет. Бұл процесті қалай жеңілдетуге болады? Балаларды МДҰ-на бейімдеуде педагогтер жұмысын қалай дұрыс ұйымдастыруға болады? Әрбір бала балабақшаға өзінше үйренеді, дегенмен бейімделу кезеңінің бірқатар заңдылықтарын атап өтуге болады?

2-3 жасқа дейін бала құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін сезіне қоймайтынын есте ұстаған жөн, өйткені ол ілі қалыптасқан. Бұл жаста ересек ойындағы серіктесі, еліктеу үлгісі болып, баланың мейірімділік пен ынтымақтастыққа деген қажетін қанағаттандырады. Мұны құрдастары бере алмайды, өйткені өздері де соны қажетсінеді. Сондықтан қалыпты бала бөбекжайға жылдам бейімделе алмайды, өйткені анасын қажетсінеді, ал оның қасында болмауы әсіресе бала әсерленгіш әрі эмоциялық сезімтал болса, оның күшті қарсылығын тудырады.

2-3 жасқа дейінгі бала бейтаныс адамдармен жаңа қарым-қатынас жағдайында қорқыныш сезінеді, бұл бөбекжай кезеңінде толығымен көрініс табады. Кейде жаңа адамдар мен бөбекжайдағы жағдайдан қорқу салдарынан бала ашушаң, жараланғыш, өкпелегіш, жылауық болып, жиі ауыратын болады, өйткені стресс ағзаның қорғаныс күшін әлсіретеді.

Баланың МДҰ-на бейімделу проблемасына ерекше көңіл бөлінеді. Тәрбиеленушілердің жаңа ортада табысты бейімделіп, дамуы үшін барынша қолайлы педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау мақсатында біз «Балабақшаға барамын» бағдарламасын жасадық. Ол ұсыныстардан мінез-құлық және қарым-қатынас ережелерінен, алгоритмдерден, өлеңдер мен суреттерден құралған психологиялық ойға салудан, бейімделу кезеңіндегі ойындардан, музыкалық материалдардан тұрады. Бұл дайындамаларды тәрбиешілер ықыласпен пайдаланады; ата-аналар да көңіл қоя қарастырып, біз ата-аналар бұрышына орналастырған өздеріне қажетті ақпараттарды көшіріп алып жатады.

біздің балабақшада балалардың бейімделе алмаудың алдын алатын тұтас шаралар жүйесі жұмыс жасайды. Бұл жүйенің басты құрама бөлігі психологиялық бейімделу процесін қамтамасыз ету болып табылады. Әкімшілік пен психолог педагогтердің бағдарламаны жүзеге асыру мен

енгізілуіне нақты бақылау жасап отырады. Тәрбиешілер мен мамандар топтағы эмоциялық жайлылық ахуалын жақсартудың ашық режимдік сәтін көрсетеді, содан кейін барлық жұмыс талданып, түзетіледі.

Балалардың бейімделе алмауының алдын алу бойынша жұмыс кезең-кезеңмен жүргізіледі.

1. Мыналар

- келген баламен толығырақ танысу үшін ата-аналармен сауалнама жүргізу;
- баланың психоэмоциялық жағдайын бағалау (жеке бейімделу картасын толтыру);
- баланың МДҰ-на бейімделу факторларына сәйкес бейімделу деңгейін анықтау.

2. Баланың білім беру ұйымы жағдайына бастапқы бейімделу кезеңінде туындайтын проблемаларды шешуге бағытталған психопрофилактикалық және түзетуші-дамытушы жұмыстар

3. Қайталама бақылаушы диагностика – бейімделу кезең аяқталғаннан кейін.

Баланың жаңа әлеуметтік жағдайға төмендегідей 3 кезеңнен тұратын әдеттенуінің орны да маңызды:

- Ширығысты немесе бейімделе алмау (әдеттегі мінез-құлық стереотиптері мен жаңа шағын әлеуметтік әлем ортасы талаптарының арасында үйлесімсіздік болуы, яғни күн тәртібінің, үйреншікті өмір салтының өзгеруі).
- Бәсең ширығысты немесе бейімделу (бала жаңа ортаны белсене меңгереді, тәбеті түзеледі, бірақ ұйқысы мен эмоциялық жағдайының бұзылуы жалғасады)
- компенсация немес бейімдеушілік (барлық тіркелетін көрсеткіштері қалпына келеді)

МДҰ-на талдау жасау балалардың бейімделу процесі табысты өтетеіндігін көрсетеді. Бейімделу дәрежесі негізінен оңай әрі орташа. Өте кішкентай балалар, әсіресе екі жастағы балалар балабақшаға жылдам көндігетіні жағымды жайт.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша әдіскер Б.Алпысова сөз алып, 2021-2022 оқу жылындағы шығармашылық топтың есеп беру мәселесіне тоқталды. Шығармашылық топ мүшелері топтарды пәндік дамытушы орта құру және балалардың өміріне қауіпсіз жағдай жасай отырып жасақтау мақсатында «Ең жақсы жасақталған топ» сайысы ұйымдастырылып, талапқа сәйкес МАД «Балбөбек-Төрайым» тобына берілді. Жаңа технологияларды ендіру, жобалау, ізденіс, іс-әрекеттерді жұмыс барысына ендіру мақсатында «Мектепке дейінгі ұйымда STEAM технологиясын қолдану арқылы балалардың

танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында жоба құрылып, үштік әдісін пайдалана отырып жұмыс жүргіздік. Осы жобаның нәтижесінде тәрбиеленушілерге адам ағзасына пайда және зиян тигізетін азық-түліктерді танытып білдік. Осы тақырыпта тәрбиеленуші Мирзамуратова Амина жетекшісі Мамасерикова Үміт «Мен зерттеушімін» республикалық сырттай байқаудың аудандық кезеңінен Бас жүлде, облыстық кезеңінен жүлделі ІІІ орынмен марапатталды. Жас мамандарға шығармашылық тақырыптарын жүргізу бойынша көмек берілді. Жас ерекшеліктері әртүрлі топтардың балаларына диагностика жасауға тәрбиешілерге көмек берілді.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша әдіскер Б.Алпысова сөз алып, 2021-2022 оқу жылында тәрбиеленушілердің білімді меңгеру бойынша мониторингтің қорытындысына тоқталды. Балабақшаның жиынтық есебі жасалынды.

МАД «Балбөбек-Төрайым» тобы – 25 бала:

«Денсаулық» білім беру саласы І деңгей – 4, ІІ деңгей – 11, ІІІ деңгей – 10;
«Қатынас» білім беру саласы І деңгей – 4, ІІ – 11, ІІІ -10;
«Таным» білім беру саласы І деңгей – 8, ІІ деңгей – 7, ІІІ деңгей – 10;
«Шығармашылық» білім беру саласы І деңгей – 9, ІІ деңгей – 6; ІІІ деңгей – 10;
«Әлеумет» білім беру саласы І деңгей – 6; ІІ деңгей -8, ІІІ деңгей – 11, ол І деңгей – 24,8%, ІІ деңгей – 34,4%, ІІІ деңгей – 40,8%;

Ересек «Күншуақ» тобы – 25 бала:

«Денсаулық» білім беру саласы І деңгей – 0, ІІ деңгей – 14, ІІІ деңгей – 11;
«Қатынас» білім беру саласы І деңгей – 6, ІІ – 6, ІІІ -13;
«Таным» білім беру саласы І деңгей – 6, ІІ деңгей – 16, ІІІ деңгей – 3;
«Шығармашылық» білім беру саласы І деңгей – 1, ІІ деңгей – 10; ІІІ деңгей – 14;
«Әлеумет» білім беру саласы І деңгей – 0; ІІ деңгей -12, ІІІ деңгей – 13, І деңгей – 10,4%, ІІ деңгей – 46,4%, ІІІ деңгей – 43,2%;

Ортаңғы «Құлыншақ» тобы – 25 бала:

«Денсаулық» білім беру саласы І деңгей – 5, ІІ деңгей – 12, ІІІ деңгей – 8;
«Қатынас» білім беру саласы І деңгей – 11, ІІ – 10, ІІІ – 4;
«Таным» білім беру саласы І деңгей – 9, ІІ деңгей – 10, ІІІ деңгей – 6;
«Шығармашылық» білім беру саласы І деңгей – 7, ІІ деңгей – 12; ІІІ деңгей – 6;
«Әлеумет» білім беру саласы І деңгей – 6; ІІ деңгей -11, ІІІ деңгей – 8, І деңгей – 30,4%, ІІ деңгей – 44%, ІІІ деңгей – 25,6%;

Ортаңғы «Гүлдер» тобы – 25 бала:

«Денсаулық» білім беру саласы І деңгей – 6, ІІ деңгей – 16, ІІІ деңгей – 3;
«Қатынас» білім беру саласы І деңгей – 12, ІІ – 7, ІІІ – 6;
«Таным» білім беру саласы І деңгей – 13, ІІ деңгей – 10, ІІІ деңгей – 2;
«Шығармашылық» білім беру саласы І деңгей – 10, ІІ деңгей – 13; ІІІ деңгей – 2;

«Әлеумет» білім беру саласы І деңгей – 1; ІІ деңгей -20, ІІІ деңгей – 4.

І деңгей – 33,6%, ІІ деңгей – 52,8%, ІІІ деңгей – 13,6%;

Кіші «Арай» тобы – 25 бала:

«Денсаулық» білім беру саласы І деңгей – 3, ІІ деңгей – 9, ІІІ деңгей – 13;

«Қатынас» білім беру саласы І деңгей – 0, ІІ – 13, ІІІ – 12;

«Таным» білім беру саласы І деңгей – 7, ІІ деңгей – 7, ІІІ деңгей – 11;

«Шығармашылық» білім беру саласы І деңгей – 0, ІІ деңгей – 15; ІІІ деңгей – 10.

І деңгей – 53%, ІІ деңгей – 31%, ІІІ деңгей – 16%;

Ерте жас «Балапан» тобы – 15 бала:

«Денсаулық» білім беру саласы І деңгей – 6, ІІ деңгей – 4, ІІІ деңгей – 5;

«Қатынас» білім беру саласы І деңгей – 8, ІІ – 3, ІІІ – 4;

«Таным» білім беру саласы І деңгей – 6, ІІ деңгей – 2, ІІІ деңгей – 7;

«Шығармашылық» білім беру саласы І деңгей – 8, ІІ деңгей – 2; ІІІ деңгей – 5.

І деңгей – 46,7%, ІІ деңгей – 18,3%, ІІІ деңгей – 35% құрады.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Гульнара Алимовна сөз алып, жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту мәселесіне тоқталды. Жазғы сауықтыру шаралары 4 бөлімнен яғни, «Оқу-тәрбие жұмысы», «Медициналық жұмыстар», «Ата-аналармен жұмыс», «Шаруашылық жұмыстар» болып жоспарланды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 31-мамырдағы №5 хаттамалық шешімімен ұсынылған «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдар бойынша жүргізілетінін айтты. Жазғы сауықтыру мезгілінің оқу кестесі бекітілді.

Тыңдалды: Соңғы мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып, өткізілген ашық оқу қызметтерін талқылау мәселесіне тоқталды.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Б.Саркулова

Тәрбиеші Г.Маханова ересек «Күншуақ» тобында қоршаған ортамен таныстыру оқу қызметінен «Нәзік қанаттылар» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті. Тәрбиешінің өзін-өзі ұстауы, сөйлеу дағдысы қалыптасқан, балалармен жұмыс жүргізе біледі. Балалар жәндіктердің аттарын атап, құмырсқа туралы қарапайым түсініктері қалыптасқан. Тақырыпқа сәйкес тапсырмалар берілді, балалар қызға орындай білді. Тапсырманы тәрбиеші дұрыс түсіндіруі керек еді, көрнекіліктерді бала санына жеткілікті дайындау қажет.

Тәрбиеші А.Алибаева

Ересек «Күншуақ» тобының тәрбиешісі А.Тилеубердиева сурет салу оқу қызметінен «Ғажайып көбелектер» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті. Тәрбиеші дәстүрден тыс сурет салу әдісін пайдаланды. Бір оқу қызметінде

сурет салудың 4-5 әдісімен таныстырды, балалар игере алмады. Балалардың дербес әрекеттері дамыған, бояумен сурет сау техникаларын біледі. Сурет салу

барысында заттардың үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін ескертуді үйрету керек.

Тәрбиеші *Ү.Мамасерикова*

Музыка жетекшісі Г.Бекжигитова «Біз көңілді балақай» тақырыбында ашық оқу қызметін ұйымдастырып өтті. Оқу қызметі жақсы жоспарланған. Балалар оқу қызметіне қызыға қатысты. Оқу қызметі ойын түрінде ұйымдастырылды, жақсы жоспарланған.

Педагогикалық кеңес

Қаулы етеді:

1. Балабақшада үштік әдісімен жұмыс жүргізу жобасы жалғастырылсын.
2. Жаңадан келген балаларды балабақшаға бейімдеу педагогикалық-психологиялық тұрғыда жүргізілсін.
3. 2021-2022 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің білім-білік дағдылар мониторингісі жинақталсын
4. Шығармашылық топ жұмыс жоспарын жаңа оқу жылына дайындау.
5. Жазғы сауықтыру шаралары бекітілсін.
6. Тәрбиешілер жан-жақты ізденуді жалғастырсын.

Төрайымы
Хатшысы



Г.Аблаева
Б.Алпысова